

**Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту
басқармасының «Жамбыл Қаппаров атындағы
№5 мамандандырылған физика-математикалық
мектеп-интернаты» КММ**

*Мектеп педагог-психологы А.Ниязбекованың
2020-2021 оқу жылындағы атқарған жұмысы
жайлы жылдық есебі*

Атбұлақ 2021 жыл

Республика көлемінде қашықтықтан оқыту қарсаңында 7 қазақ және орыс сыныптарына қабылданған оқушыларға диагностика жүргізу алдында сырттай бақылау жүргізіліп, сынып жетекші мен тәрбиешілермен тығыз қарым-қатынаста болып, оқушылар жайлы жалпы тізімдемесі алынды. Жоспарға сай оқушылармен жеке-жеке танысып, мінез-құлқын анықтауға арналған Г.Айзенктің темперамент тесті алынды. Нәтижесі өңделіп, тәрбиешілерімен жұмыс жүргізілді.

7а сынып оқушыларының зерттеу нәтижесі:

№	Оқушының аты-жөні	Сангвиник	Сангво-флегм	холерик	Флегматик	Флегма-сангви	Меланхолик	Флегма-меланх
1	Айтбаев Ернұр		+					
2	Амангелді Бахыт				+			
3	Ауезхан Мерей							+
4	Базарбаева Аружан				+			
5	Ергешбай Нұртуған	+						
6	Ибадуллаев Диас	+						
7	Камутбай Гүлсезім		+					
8	Көмек Дінмұхамед	+						
9	Құдабек Саян					+		
10	Міркәрім Дінмұхамед	+						
11	Назар Ғазиза				+			
12	Өскенбай Досжан		+					
13	Разақ Шыңғыс					+		
14	Сапарбек Сырым					+		
15	Сламбек Анелъя						+	
16	Тағайбек Анель					+		
17	Тағайбек Жанель							+
18	Тағайбек Мерей				+			
19	Тұрар Ерсұлтан		+					
20	Тұрар Нұрсұлтан		+					
21	Үсен Алтынай	+						
Жалпы		5/23,8%	5/23,8%		4/19,04%	4/19,04%	1/4,8%	2/9,5%

Диаграмма көрсеткіші:



76 сынып оқушыларының зерттеу нәтижесі:

№	Оқушының аты-жөні	Сангвиник	Сангво-флегм	холерик	Флегматик	Флегма-сангви	Меланхолик	Флегма-меланх
1	Абдрашев Бақжан	+						
2	Абубакир Жібек	+						
3	Айдосов Альжан		+					
4	Асильбек Мұқаметәлі		+					
5	Атамбай Азат			+				
6	Баймахан Мирас				+			
7	Бархы Білімжан				+			
8	Қуанышбек Нұрислам		+					
9	Мүтәлі Жанна					+		
10	Нұрлан Айдос	+						
11	Нұрланұлы Нұрдәулет	+						
12	Омархан Мерей		+					
13	Оразалы Маді				+			
14	Пардекүл Нұрасыл	+						
15	Рахматулла Мерей				+			+
16	Сапарұлы Санжар	+						
17	Сахаев Аңсаған		+					
18	Серікбай Гүлназ						+	
19	Спабек Алина						+	
20	Үмбет Ертай	+						
21	Юлдашева Айгерім							+
Жалпы		7/33,3%	5/23,8%	1/4,8%	4/19,04%	1/4,8%	2/9,5%	2/9,5%


Диаграмма көрсеткіші:



7в сынып оқушыларының зерттеу нәтижесі:

№	Оқушының аты-жөні	Сангвиник	холерик	Флегматик	Флегма-сангвиник
1	Абдуғани Аятхан		+		
2	Ахмет Мейіржан	+			
3	Бабыр Досымхан			+	
4	Байбек Айдарбек				+
5	Бакирбай Аймекен				+
6	Бердібек Өркен			+	
7	Берікұлы Азамат	+			
8	Егембердиева Сабина				
9	Ермекұлы Абылайхан	+			
10	Әбдікадыр Рамазан				+
11	Әбухан Нұрай				+
12	Жәдігер Әбілмәнсур			+	
13	Исахан Есімхан			+	
14	Қамбар Нұрислам	+			
15	Мирзадияр Дініслам	+			
16	Мухамедияр Абылайхан	+			
17	Нұрмағанбет Арнат			+	
18	Сманова Диана			+	
19	Төлбасы Әлиакбар	+			
20	Хани Дінмұхаммед			+	
21	Шаденова Мадиса				+
22	Эшполатов Давран				+
Жалпы		7/31,8%	1/4,5%	7/31,8%	6/27,3%

Диаграмма көрсеткіші:



Қорытынды: 7абв сынып оқушыларынан сауалнама нәтижесі бойынша аралас типтес оқушылардың басымдылығы көрініс берді. Онлайн түрде оқушылармен сергіту сәттері мен логикалық жаттығулар жүргізілді.


Мектеп әкішілігімен біргелікте 7-11 сыныптың ата-аналарымен онлайн жиналыс өткізілді. Онда ата-аналарға қашықтықтан оқыту кезіндегі қолдау мен бағыт-бағдар көрсету керектігі баяндалды. 11-сынып оқушыларымен ҰБТ-ке дайындалу кезіндегі психологиялық қолдау тақырыбында шағын ой бөлісу ұйымдастырылып, оқушылармен жұмыс жүргізілді.

Қазан айындағы жоспарға сай 7-сынып оқушыларымен «Орта, мен, отбасым» атты тақырыпта шығармашылық сабағы өткізілді. Ондағы мақсат – оқушылардың жаңа ортадағы қабілеттерін ашық көрсету болып табылады. Мұнда арттерапия әдісінің түрлері қолданылып, оқушыларға бағыт-бағдар көрсетілді. Түрлі-түсті қағаздардан фон беру арқылы тапсырмаларды жасап шықты.


/жүргізілген жұмыстан фото көрініс/



Оқушылардың икемділіктері әр қалай болғандықтан, тапсырмаларды онлайн орындап өтті. Сынып оқушыларының басым көпшілігі қолда бар қажетті заттарды қолданып, гүл бейнесін, сүйіспеншілік бейнесін жасап шықты.



9-10 сынып оқушыларымен «Сенің достарың» тақырыбында онлайн тренинг өткізілді. Мақсаты – сынып оқушыларының арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту. Тренингке оқушылар толық қатысты. Онда Дос, Друг сөздерінің мағынасы ашылып, бірнеше жаттығулар орындады. Шағын видео көрсетіліп, дос туралы сұрақ- жауап жүргізілді.



Оқушылар берілген сұрақтарға белсене жауап берді

1. Достың неше түрін білесің?
2. Сыныптастарыңа сенесің бе?
3. Неге бала жауапкершіліктен қашады?
4. Жолдасыңа сенімділік арта аласың ба?
5. Сыныпта жаңа идеяларды еркін талқылай аласыз ба?
6. Сіздің пікіріңізді құптайды ма? Т.б.

Қараша айында 9-11 сынып тәрбиешілерінің сұраныстары бойынша 6 оқушымен жекеленген жұмыс жүргізілді. Жұмыста кеңес беру бағытына басымдылық берілді.

Тәрбиешілердің қатысуымен ағарту сабағы ұйымдастырылды. Ондағы мақсат – қашықтықтан оқытуда баланың жауапкершілігі талқыланды. Қызу талқылаудан кейін тренингтің бірнеше элементтерімен жұмыс жүргізілді



7-8 сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілеттерін шыңдау мақсатында онлайн режимінде жаттығулар орындап, оқушылар өздеріне баға беріп өтті. Миға шабуыл жасайтын жаттығуларды орындауда 7а,б,8б сынып оқушыларының басымдылығы байқалды

11-сынып оқушыларымен «Емтиханға қалай жақсы дайындалуға болады?» тақырыбында қысқа лекция оқылып, Қазақстанның үздік ЖОО-ры туралы бейне ролик көрсетілді.

«Құрметтім, саған не тілейін!» тақырыбында 8абв сыныптарында өзара пікір алмасу /онлайн/ ұйымдастырылды.

Алдын-алу бағыты бойынша тәрбиешілермен біргелікте барлық сыныптың ата-аналар чатында түсінік жұмысы жүргізілді. Мұнда оқушының сабақтан тыс уақытта телефонға деген тәуелділігінің алдын-алу мен қадағалау керектігі айтылды.

Жоспардан тыс тәрбиешілермен бірлесе отырып 7-11 сынып оқушыларымен «Тәуелсіздіктің 7 қыры» Циклы «Болашаққа бастар жол» атты деректі фильмдері көрсетіліп, викториналық сұрақтар бойынша сайыс өткізілді. Нәтижесінде төмендегі оқушылар жүлделі орындарды иеленді.

Сапарұлы Санжар 7б сыныбы I орын;

Міркәрім Дінмұхаммед 7а сыныбы II орын;

Мүтәлі Жанна 7б сыныбы III орын;

Атабекова ҰЛжан 8а сыныбы I орын;

Қаржау Саапрмұрат 8а сыныбы II орын;

Тастан Ерасыл 8б сыныбы III орын;

Сулайманов Нурынбек 10б сыныбы I орын;

Амиралиева Ұлжан 9а сынбы II орын;
Жолдыбаева Жанел 10б сыныбы II орын;
Мырзақұл Жаңыл 10б сыныбы III орын.

Жоспарға сай мектеп оқушылары арасында кездесетін ерекшеліктерді әлеуметтік педагогпен бірлесе отырып анықтап, олардың ата-аналарымен жекеленген кеңестер өткізілді. Жан-жақты қолдау көрсетілді.

Еліміздің тәуелсіздік қарсаңында 7-сынып оқушылары арасында викториналық сұрақтар бойынша сайыс ұйымдастырылды. Сынып оқушылары қойылған сұрақтың 90-85 пайызына дұрыс жауаптар беріп, жүлделі орындармен марапатталды.

9-10 сынып оқушыларының діни көзқарастарының дұрыс қалыптасуына бағыт-бағдар көрсету мақсатында шағын видеолар көрсетіліп, слайд арқылы түсінік жұмыстары жүргізілді. Әр сыныптың оқушылары сұрақ-жауап әдісі арқылы ақпараттандырылды.

8абв сынып оқушыларымен «Фантики, сантики» атты сергіту сәті ұйымдастырылып, сөзжұмбақтарды шешу ұсынылды. Сөзжұмбақтардың баланың логикасының дұрыс жұмыс жасауына септігін тигізетіндіктен, жан-жақты қамтылды. «Менің отбасым» тақырыбында 8-10 сынып оқушыларымен арттерапия әдісінің көмегімен ертегі құрастыру ұсынылды. Әр сыныптан 4 оқушыдан /онлайн/ жазған ертегілерін аудио дыбыста жіберіп, отбасы құндылықтарымен бөлісті.

Мектеп бітіруші 11-сынып оқушыларына психологиялық қолдау көрсету мақсатында «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында мини-лекция оқылды. Оқушыларға сұрақтар әзірленіп, жауаптар алынды.


8-сынып оқушыларына «Өзгеден табылмайтын өз мінезім» тақырыбында эссе жазып, бойларындағы оң және жағымсыз әрекеттері туралы пікірлерімен бөлісіп өтті. Мұнда оқушы өз міні, ерекшелігі, туралы ойларымен бөлісті.

Онлайн режимде мектеп бітіруші оқушылармен диагностикалық және дамыту сабақтары жүргізілді. Кәсіби бағдар беру бойынша мектеп оқушыларымен онлайн режимде тренингтер ұйымдастырылды. Психологиялық кеңестер, қысқа метражды видеолар, жаттығулар қоса атқарылды. Диагностика бойынша Дж.Голланд әдістемесі алынып, нәтижесі өңделді. Өңделген диагностиканың нәтижесіне сүйене отырып, оқушылармен пікір алмасу, ой бөлісу әдісі жүргізілді. Мұнда әр оқушының ойы тыңдалып, бағыт-бағдар көрсетілді.

Кесте:

№	Оқушылар саны	Реалистік тип	Зияткерлік тип	Әлеуметтік тип	Конвенциялық тип	Іскер тип	Өртістік тип
1	11-сынып 66 оқушы	7 – 10,6%	18 – 27,3%	15 – 22,7%	13 – 19,7%	5 – 7,6%	8 – 12,1%
2	9-сынып 73 оқушы	11 – 15,1%	20 – 27,4%	18 – 24,6%	12 – 16,4%	8 – 10,9%	4 – 5,5%

Диаграмма:



8-9 сынып оқушыларының өзара қарым-қатынасын нығайту мақсатында «Менің сыныптағы орным» тақырыбында онлайн тренинг өткізілді. Оқушыларға Достық сөзінің мағынасы мен түрлеріне байланысты сұрақтар қойылып, мақалдардың жалғасын айтып ой бөлісті. Тәрбиешілер мен ата-аналардың сұраныстары бойынша 9-11 сынып оқушыларымен жеке жұмыс жүргізілді. 018.06, 09.24, 010.21 кодтағы оқушылармен жеке кеңес жұмысы жүргізілді. Әскери комиссиариатқа баратын оқушылардың психологиялық іріктеу тесттері алынып, зерттеу нәтижесі бойынша мінездемелер жазылды.

ҰБТ-ке қатысушы оқушылардың апта сайынғы алынған сынама тесттері бойынша түсінік жұмыстары жүргізіліп, жауап парағын дұрыс пайдаланып, уақытты үнемдеу керектігі айтылды.


9-сынып оқушыларының агрессиясы мен акцентуация типін анықтау мақсатында Басса Даркидің әдістемесі алынды. Мақсаты – мазасыздану, қобалжу деңгейін анықтау болып табылады. Әдістеменің нәтижесі бойынша қобалжу деңгейі жоғары деген оқушыларға психологиялық көмек көрсетілді. Қорытындысы өңделіп, сынып оқушыларымен жеке жұмыстар /онлайн/ жүргізілді.

«Сенімділік кілті» бағдарламасына сай жұмыс жүргізу мақсатында 11-сыныптың оқушыларымен «Жақсы мінез жан азығы» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренингтің басты мақсаты - оқушылардың бір-біріне деген мейірімділігін, шынайы сүйіспеншілігін, бауырмашылдықтарын арттыру болып табылады. 11-сынып оқушыларының сынама тест барысында психологиялық жағымды ахуалын қалыптастыруда жекеленген оқушылармен релаксациялық әдіс, ауто тренинг ұйымдастырылды. Тренинг өту барысында әр оқушының іс-қимылы мен сөйлеуіне үлкен мән берілді, өйткені оқушы бойындағы эмоциясын ортасында көрсететіндіктен, жеке кеңес жұмысы жүргізілді. Сабақ барысында орындалған жаттығулар:


- Қол алысу;
- Қандай кейіп;
- Психотехникалық жаттығуы «Асқар айтты»;
- Өз мұратына жету;
- Жағымды сөз;
- Бал шам;
- «Ырылда арыстан, ырылда, тықылда поезд, тықылда»;
- Құпияны іздейміз. Рефлексия.



7-сынып оқушыларының отбасына, еліне деген патриоттық сезімдерін арттыру мақсатында «Менің отбасым - құндылығым» дөңгелек үстелі өткізілді. Оқушылар «Отбасы» сөзінің мағынасын төмендегіше жазып өтті:



«Отбасы құндылық» тақырыбында оқушылар суреттер салып, ойларын қорғап өтті.



7-сыныптың ата-аналарынан «Мектепке деген көзқарасыңыз қандай?» атты сауалнамасы жүргізілді. Сауалнамаға 61 ата-ана қатысты. Нәтижесі өңделіп, төмендегіше пайыздық көрсеткіш көрсетті.

Мектептің ішкі тәртібіне көңіліңіз толады ма?

Иә – 100%

Балаңыздың бойында өзгеріс бар ма?

Иә – 85%; Жоқ – 15%

Балаңыз техникалық-жаратылыстану пәндеріне қызығады ма?

Иә – 92%; Жоқ – 8%

Мектептің техникалық базасына көңіліз толады ма?

Иә – 100%

Балаңыз үй тапсырмасын тиянақты орындайды ма?

Иә – 93%; Кейде - 7%

Балаңыз жаңа ортаға жылдам бейімделе ме?

Баяу - 26%; Жылдам - 74%


Алынған сауалнамадан соң, ата-аналармен отбасындағы бала мен ата-ана арасындағы қарым қатынастары туралы шағын әңгіме жүргізілді.

Наурыз айының бірінші онкүндігінде штаттық режимде оқыған 7-9-11 сынып оқушыларының психологиялық ахуалдарына мән берілді. Әсіресе, 7-сынып оқушыларының адаптациясын қалыпқа келтіру мақсатында ынталандыру материалдарымен тапсырмалар мен жаттығулар орындалды. Қосымша оқушының математикалық қабілеті мен зейін тұрақтылығына диагностика жүргізілді. 16.03.2021ж. күні 7-сыныптан құралған III-IV топтағы оқушылардың математикалық ойлау қабілеттерін анықтау мақсатында тест алынды. Нәтижесі өңделіп, төмендегіше көрсеткіш көрсетті.

Кесте:

№	Оқушының аты-жөні	Жоғары/10-9/	Орта/8-7/	Төмен/6-5/
1	Пардекул Нұрасыл	+		
2	Абдрашев Бақжан	+		
3	Баймахан Мирас	+		
4	Айдосов Әлжан		+	
5	Базарбаева Аружан	+		
6	Юлдашева Әйгерім	+		
7	Амангелді Бахыт	+		
8	Сапарұлы Санжар	+		
9	Нұрлан Айдос			+
10	Абубакир Жібек			+
11	Мүтәлі Жанна	+		
12	Қуанышбек Нұрислам		+	
13	Нұрланұлы Нұрдәулет		+	
14	Атамбай Азамат		+	
15	Асылбек Мұхаммет		+	
16	Омархан Мерей	+		
17	Назар Ғазиза		+	
18	Оразалы Мәди		+	
19	Үмбет Ертай	+		
20	Сахаев Аңсаған	+		
21	Тағайбек Анель	+		
22	Бархы Білімжан	+		
23	Серікбай Гүлназ	+		
24	Қамутбай Гүлсезім	+		
25	Тағайбек Жанель			+
26	Ергешбай Нұртуған		+	
27	Тұрар Ерсұлтан	+		
28	Рахматулла Мерей	+		
29	Әуезхан Мерей	+		
30	Көмек Дінмұхаммед	+		
31	Ибадуллаев Диас	+		
32	Міркәрім Дінмұхаммед		+	
33	Сламбек Анелья		+	
34	Тұрар Нұрсұлтан	+		
35	Спабек Алина	+		
36	Үсен Алтынай	+		
37	Разақ Шыңғыс	+		
38	Өскенбай Досжан	+		
39	Құдабек Саян	+		
Жалпы		26/66,7%	10/25,4%	3/7,7%

Диаграмма:



Қорытынды: Сынып оқушыларының математикалық ойлау қабілеттері ортадан жоғары деңгейдегі көрсеткішті көрсетті. Оқушылардың белсенділігі басым, берілген тапсырмаларды тиянақты, жауапкершілікпен орындап өтті.


16.03.2021ж. күні 7-сыныптан құралған III-IV топтағы оқушылардың зейін тұрақтылығын зерттеу мақсатында Мюнстерберг әдістемесі алынды. Нәтижесі өңделіп, төмендегіше көрсеткіш көрсетті.

Кесте:

№	Оқушының аты-жөні	Жоғары/17-16 сөз/	Орта/15-14 сөз/	Төмен/13-12 сөз/
1	Пардекул Нұрасыл	+		
2	Абдрашев Бақжан	+		
3	Баймахан Мирас	+		
4	Айдосов Әлжан	+		
5	Базарбаева Аружан		+	
6	Юлдашева Әйнерім		+	
7	Амангелді Бахыт	+		
8	Сапарұлы Санжар	+		
9	Нұрлан Айдос			+
10	Абубакир Жібек	+		
11	Мүтәлі Жанна		+	
12	Қуанышбек Нұрислам	+		
13	Нұрланұлы Нұрдәулет	+		
14	Атамбай Азамат	+		
15	Асылбек Мұхаммет		+	
16	Омархан Мерей	+		
17	Назар Ғазиза			+
18	Оразалы Мәди			+
19	Үмбет Ертай	+		
20	Сахаев Аңсаған		+	
21	Тағайбек Анель	+		
22	Бархы Білімжан	+		
23	Серікбай Гүлназ		+	
24	Қамутбай Гүлсезім	+		
25	Тағайбек Жанель		+	
26	Ергешбай Нұртуған			+
27	Тұрар Ерсұлтан	+		
28	Рахматулла Мерей	+		
29	Әуезхан Мерей	+		
30	Көмек Дінмұхаммед		+	

31	Ибадуллаев Диас	+		
32	Міркәрім Дінмұхаммед	+		
33	Слаибек Анелъя		+	
34	Тұрар Нұрсұлтан	+		
35	Спабек Алина	+		
36	Үсен Алтынай	+		
37	Разақ Шыңғыс	+		
38	Өскенбай Досжан		+	
39	Құдабек Саян	+		
Жалпы		25/64,1%	10/25,6%	4/10,3%

Диаграмма:



Қорытынды: Сынып ұжымының зейін тұрақтылықтары ортаңғы деңгейлі. Зейіні шашыраңқылығын көрсеткен оқушылармен жеке жұмыс жасау қажет.


9-сынып оқушыларымен «Достықтағы жарасымдылық» тақырыбында дамыту сабағы ұйымдастырылды /онлайн/. Мұнда пікір алмасу ретінде өткізілген сабақта балалар тақырып аясында сұрақтарға жауап бере отырып, адам баласының достық сезімдерін қадірлеп, бағалау керектігін ұғына алды.

Алдын-алу бағыты бойынша «Кактус» әдістемесін негізге ала отырып, ортаңғы буын 7-сынып оқушыларымен арттерапия әдісі жүргізілді. Мұнда әр оқушының салынған суретін, қолдан жасаған коллаждарына интерпритация жасалды. Оқушылар ашық түстер көбірек қолданып, өмірге деген көзқарастарының жоғары, әрі жауапкершіліктерінің мол екенін көрсетті.

«Балаңыз ҰБТ-ке дайын ба?» тақырыбында арнайы жасалған материалдарды таныстыру мақсатында 11-сыныптың ата-аналары, оқушыларының қатысуымен онлайн форматта жиналыс өткізілді. Онда жаңа форматтағы жаңалықтар, бейіндік пәндердегі өзгерістер, негізгі пәндегі сұрақтардың қысқартылуы, тестті электронды нұсқада тапсыру, ҰБТ-ті бірнеше рет тапсыру туралы ақпараттар берілді. Кез келген ситуацияда мектеп, ата-ана, оқушы бірлесе отырып әрекет жасап, тығыз байланыста болу керектігі айтылды.

Аптаның сәрсенбі және бейсенбі күндері 11-сынып оқушыларымен тренингтер, спорттық жаттығулар ұйымдастырылды. Өтілген жаттығулар:

- Топпен сәлемдесу;
- Сұрағыма жауап бер!;
- Бойдағы қорқынышты жеңу ойыны;
- Болады, болмайды;
- Джунглидегі жаңбыр;
- Поезд;
- 140 балл оңай!;
- Рефлексия т.б.



Жүргізілген сабақтардан соң 11-сыныптың оқушылары қосымша жеке кеңеске келіп, сұрақтарына жауап алды.

Сәуір айындағы ортаңғы және жоғарғы сыныптың оқушыларымен жұмысты жүргізу мақсатында сауалнамалар мен тренинг материалдары даярланып, 7абв сынып оқушыларымен оффлайн режимде тренинг ұйымдастырылып, қосымша сауалнамалар мен тесттер алынды. Алынған тесттер арифметикалық есеп, логикалық ойлау, қызыл-қара кестесі жүргізіліп, нәтижесі өңделді.

Мектепке деген көзқарастарын анықтау мақсатында қойылған сұрақтар:

- Білім алу оффлайн ба, әлде онлайн форматта өткен дұрыс па?
- Сыныптастарыңмен қарым-қатынасың қандай?
- Мектептің базасына көңілің толады ма?
- Ұстаздардың берген біліміне көңілің толады ма?
- Өзіңді қай бағыттағы пәндерге икемнің бар деп ойлайсың?

Қойылған сұрақтар төңірегінде жауаптар ала отырып, оқушылар бір-бірімен пікір алмасып өтті. Қызу талқыланды. Сұрақтардың жауаптары қанағаттанарлық болды. Оқушылардың мектепке деген көзқарастары оң және білім алуға деген қызығушылықтары жоғары екені байқалды. 7-сыныптың оқушыларының икемділіктері аса жоғары. Шығармашылық, техникалық, гуманитарлық бағыттағы пәндерге қызығушылықтары басым. «Қарым-қатынас мәдениеті» тақырыбында өткен дамыту сабағында оқушылар достықтың түрлеріне тоқталып өтіп, азаматтық қарым-қатынасты сезініп, дұрыс жолмен жүру керектігін айтып өтті.

11абв сынып оқушыларының аладағы ҰБТ-тен қобалжымай, өзін жоғалтып алмауын алдын-алу мақсатында онлайн форматта тренинг /онлайн/ ұйымдастырылды. Мұнда оқушыларға жеке және топпен кеңес беріліп, түсінік жұмысы жүргізілді. Тәрбиешілермен

біргелікте 11-сыныптың ата-аналарымен ҰБТ барысында балаға қолдау көрсетіп, нәтижелі дайындалуына жағдай жасау керектігі туралы айтылды.

Тәрбие саласындағы жоспарға сай 7-сыныптың ата-аналарымен онлайн форматта «Бала әр ата-ананың болашағы, өмір жалғауы» атты тақырыпта тренинг өткізілді. Тренингке 60 ата-ана қатысты. Слайд арқылы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға арналған 3 ережемен таныстырылды. Ережеде кез-келген жағдайдан шығу үшін ата-ананың дәрігер, әртіс тәрізді образға ену керектігі айтылған. Яғни, баланың сол мезеттегі көңіл-күйін аулап, жағдайды кешеуілдетіп шешіп, кейінгі уақытта сол жағдайды есіне алмауын қадағалау ұсынылған. Егер бала ата-анасының тәрбиесіне қанып өссе, міне сол кезде ол бала ата-ананың жалғауы болып есептеледі. Ол үшін ата-ана өз баласына жан-жақты тәлім беруі тиіс. Бір сәтке бала, дана, ата-ана, ұстаз болса, баланың болашағы жарқын болатыны ережелерде баяндалған. Әрбір ата-ана өзара сұрақтар қойып, пікір алмасып өтті. Мысалы, баласының бейімделу процесіне тоқталса, бірі баласының қоршаған ортада өзін ұстауы туралы әңгіме жүргізді.

9абв сынып оқушыларының тәрбиешілерімен біргелікте ата-аналарна мемлекеттік емтихан туралы ақпарат бере отырып, түсінік жұмысы жүргізілді. Яғни, мектепті аяқтау аттестатына үлкен мән беріп қарап, онлайн кезінде баланың дұрыс сабаққа дайындалып, дұрыс тамақтануы, демалуы жайында ақпарат берілді.

10абв сынып оқушыларының болашақтағы үлкен ортада жылдам бейімделуі жайында «Қарым-қатынас мәдениеті» атты тақырыбында дамыту сабағы ұйымдастырылды. Оқушыларға шағын видео көрсетілді. Робинзон Крузоның бастан өткен оқиғасын мысалға келтіре отырып, оқушыларға сөйлеу және қарым-қатынас мәдениетінің адам өмірінде алатын орны маңызды екені айтылды. Оқушылар класстерлер мен постерлер жасап қорғады. Әр сынып өздерінің жасаған постерлерінің маңызын ашып, шынайы өмірде көрсеткен дүниелерді тәжірибеде қолдану керектігін айтты.

ҰБТ-ке қатысушы оқушыларға қолдау көрсету мақсатында «Мақсат» атты тақырыпта тренинг ұйымдастырылды. Қатысушылар екі топтан құралды. ҰБТ қарсаңындағы өз-өзіне сенімділігін арттыру үшін релаксация жүргізілді. Орындалған жаттығулар:

- «Цель» ;
- «Теңіз түбіне саяхат» тыныштық сәті;
- Ғылыми жоба: «ҰБТ-тің әсері»;
- «Кедергіні жену» ;
- «Бейнені көрсету, салу» ;
- «Геометрия вслепую» ;
- Жүгіртпе диктант;
- Қорытынды. Тілек жазылған қима қағаздары таратылды. .





Алдын-алу бағыты бойынша 9-сынып оқушыларымен «Үй, адам, ағаш» әдісі жүргізіліп, интерпритациясы жасалды.

Ата-аналар тарапынан 4, тәрбиешілер мен ұстаздар тарапынан 13 сұраныс түсті. Сұраныспен түскен оқушылармен жеке жұмыс атқарылып, бағыт-бағдар көрсетілді. Кеңес беру бағыты бойынша Ұ – 11, О – 57, АА – 15, Т - 9 кеңес берілді.



Мектеп директоры:

Ж.Т.Ахмедов

Орындаған педагог-психолог:

А.Ниязбекова